ЖЕТІСУ шұғыласы

№16 (8956), жұма, 28 сәуір 2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXII СЕССИЯСЫ ӨТТІ



***Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясы өткізілді.***

XXXII сессияның тақырыбы – «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму».

Кеше басталған шараның бірінші күнінде сессия делегаттарының қатысуымен панельдік пікірталас өтті.

Сессия аясында түрлі диспора өкілдері Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында ортақ киіз үй құру рәсіміне қатысты.

ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаеваның айтуынша, Ассамблея жанынан құрылған медиаторлар институтына 10 мыңға жуық арыз-шағым түскен.

Кешегі панельдік талқылау кезінде елдегі саяси реформа туралы да пікіралмасу өтті.

### *Дархан Қыдырәлі «ұлтқұру» термині туралы: Мен «қазақ» дегенге тоқтаймын*

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының кулуарында Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі «ұлтқұру» термині туралы пікір білдірді.

*- Ол – қалыптасқан ғылыми термин. Ұлтқұру деген мүмкін қазақшада дұрыс естілмеген шығар. Қазақшаға аударылғанда калька болған шығар. Бірақ бұл - ғылыми термин. Жалпы этнос деген ұғым бар, ұлт деген ұғым бар. Мен кешегі сессияның екінші отырысына қатысқан жоқпын. Бірақ оған байланысты жақсы пікірлер де айтылды. Әрине, ел болғаннан кейін сын да айтылады. Біз жақын арада «Көзқарас» клубында осы мәселені кеңірек талқылаймыз, сарапшыларды шақырамыз. Жалпы ұлтқұрудың әлемде қалыптасқан ұғымдарын талқылаймыз. Негізі ондай мәселелер ғылыми тұрғыда талқылануы керек. Ұлтқұрудың түрлі компоненттері бар. Сондықтан біз бұл мәселеге ғылыми негізде қарауымыз керек. Бұл тақырып кімнің идеясы екенін айта алмаймын. Тағы да айта алам, екінші сессияға қатысқан жоқпын. Бірақ оны ақпарат құралдары арқылы білдім. Орысшасы «нацстрой» деген термин. Ағылшын тілінде бұл туралы көптеген кітаптар, зерттеулер бар*, - деді ведомство басшысы.

БАҚ өкілдері министрден Қазақстан азаматтарының төлқұжатына ұлты қалай деп көрсетілгені дұрыс деп есептейтінін сұрады.

*- Мен жалпы «қазақ» дегенге тоқтаймын. Өйткені біздің бәрімізді қазақ деп қабылдайды. Винокуровты да, Головкинді де, Рыбакинаны да шетелде қазақ спортшысы деп қабылдайды. Мұның бәріне ғылыми тұрғыда келуіміз керек. Төлқұжатта бүкіл ұлттар қазақ болуы керек деп ешкім айтып жатқан жоқ. Қазір Президент қандай мәселелер қозғайтынын тыңдайық. Қазақша дұрыс аударылмаса, оны ғалымдардан сұрау керек. Жалпы бұл кез келген өркениетті елде кеңінен талқыланатын ұғым,* - деді Дархан Қыдырәлі.

### *Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында Бірлік күнінің маңыздылығы туралы ой қозғады.

*«Еліміз жақында Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырысынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек. Бұл – анық ақиқат»,* - деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның алқалы жиынын жыл сайын ел бірлігі күніне орай өткізу дәстүрге айналғанын еске салды.

*«Бұл сессия – көктем мезгілінде мемлекеттік деңгейде өтетін ең ауқымды іс-шара. Мұнда еліміз үшін өте маңызды ұсыныстар айтылады»,* - деді Президент.

### *Тәуелсіздік пен аумақтық тұтастығымыз бәрінен қымбат*

Елде бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында осындай ой айтты.

*«Біз «бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды» дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі.*

*Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл жалаң ұран емес, әр азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек.

*«Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!»,* - деді Президент.

### *Жұртымыз жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсетті*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында былтырғы референдумның ұлтты ұйыстырудағы рөліне тоқталды.

*«Мен былтырғы сессияда Ата заңымызға референдум арқылы өзгеріс енгізу туралы бастама көтердім. Көп ұзамай халқымыз өзінің тарихи таңдауын жасады. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді. Бұл - Ата заңымыз қабылданғаннан кейінгі алғашқы референдум. Біз осы бастама көтерілген кезде ел тағдырын айқындайтын маңызды жолдың бастауында тұрдық. Мақсатымызды айқындап, нақты жоспар құрдық»,* - деді Президент.

Мемлекет басшысы дәл осындай тарихи сәтте халықтың бір ауыздан қолдау білдіруі өте маңызды болғанын атап өтті.

*«Түрлі ұсыныс айтылды. Өзгерісті Парламент арқылы жасау қажет деген пікірлер де болды. Бірақ біз әрбір азаматтың пікірін білген жөн деп шештік. Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы халық деген қағидатты ұстандық. Осылайша келісіп пішкен тон келте болмайтынына бүкіл ел болып көз жеткіздік. Бір жылдың ішінде атқарылған жұмысқа зер салсақ, былтырғы референдумның маңызы зор екенін түсінеміз. Бұл әділетті Қазақстанды құру ісіне бүкіл халықты жұмылдырған науқан болды. Жұртымыз жауапты сәтте ұлт ретінде ұйыса алатынын көрсетті. Референдумның түпкі нәтижесі және халқымыздың басты жетістігі осы»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### *«Ассамблеяның қажеті жоқ» деген пайымдарға пікір білдірді*

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында «Ассамблеяның қажеті жоқ» деген пайымдарға пікір білдірді.

*«Әр азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек. Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені бірлік болса ғана, тірлік болады. Біз осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болуымыз керек. Татулық пен келісімнің ерекше маңызды екенін жұрттың бәрі бірдей сезінбеуі мүмкін. Сол себепті кейде «Ассамблеяның қажеті жоқ» деген ұшқары, яғни күмәнді пікірлер айтылып жатады. Шын мәнінде, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт»,* - деді Президент.

3-бет




## ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

*Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл күні біз баға жетпес байлығымызды – туған ел игілігі жолындағы ырысты ынтымағымызды дәріптейміз.*

*Біздің барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры – татулық пен тұтастық. Түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақтың, бір тудың астынан табылып, бүгінгідей еңселі ел, іргелі мемлекет атандық.*

*Түсіністік пен тұрақтылық – әрбір азамат атсалысып, әркімнің үлес қосуын талап ететін қастерлі құндылық. Осынау ақиқатты қалтқысыз ұғыну Отанымыз – Қазақстан Республикасында ұдайы бейбітшілік пен берекенің салтанат құруына септігін тигізеді.*

*Қоғамымызда қазіргі кезде қолға алынып жатқан жүйелі жаңғыру үрдістері бірлігімізге нығая түсуіне ықпал етіп, жаңа белестерді бағындыруымызға жол ашады деп сенемін.*

*Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, әр шаңыраққа шаттық пен бақ-береке тілеймін!*

**Ізгі ниетпен,**
**Елдос Ахметов,**
**Ескелді ауданының әкімі.**

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

*От всей души поздравляю вас с праздником единства народа Казахстана!*

*В этот день мы воздаем должное бесценному достоянию – созидательной дружбе наших граждан во благо родной земли.*

*Единство и сплоченность народа являются прочным фундаментом всех наших достижений и побед. Мы стали уважаемым и сильным государством, благодаря взаимопониманию разных этносов нашей страны, сплотившихся в единое целое под сводами казахстанского шанырака.*

*Стабильность и согласие – это непрерывный процесс, требующий от каждого из нас пристального внимания и участия. Понимание этой важной истины способствует гармонии мира и добра в нашем общем доме – Республике Казахстан.*

*Уверен, что начавшееся системное обновление общества может укрепить корни нашего единства и станет основой для наших новых великих свершений.*

*Желаю всем крепкого здоровья, успехов в труде, счастья и процветания каждой семье!*

**С уважением,**
**Елдос Ахметов,,**
**аким Ескельдинского района.**



# ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ СЕГІЗІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ҮШІНШІ СЕССИЯСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ



*2022 жыл 26 сәуір* *Қарабұлақ кенті*

***Құрметті депутаттар!***

Сессияға Ескелді аудандық мәслихатқа сайланған 13 депутаттың ____ қатынасып отыр_____ депутат белгілі себептермен сессия жұмысына қатыса алмады.

Сессияның жұмысына аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов, Жетісу облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Қуаныш Жұмаханұлы Ноғайбеков және сессияға шақырылған аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары ауыл әкімдері, құқық қорғау органдарының басшылары, мекеме басшылары барлығы ____ адам қатысып отыр.

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-шы бабына сәйкес сессия жұмысын ашық деп жариялаймын.

***Сессияның күн тәртібі:***

1. Ескелді ауданының және ауылдық округтерінің 2022 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы есеп;

Баяндамашы: Гүлмира Мұқатайқызы Бейсекулова – аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы.

2. «Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі» Ескелді ауданы әкімдігінің жанындағы Консультативтік–кеңесші органның 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы есеп;

Баяндамашы: Жұмағұл Әбдіраманұлы Әлімбеков – аудан әкімінің орынбасары, Консультативтік–кеңесші органның төрағасы.

3. Ескелді аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 27-140 «Ескелді ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Баяндамашы: Гүлмира Мұқатайқызы Бейсекулова – аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы.

***Сессия жұмысының регламенті:***

Баяндамашыларға 10-15 минутқа дейін, жарыссөзге қатысушыларға 3-5 минутқа дейін уақыт беріледі.

Құрметті депутаттар! Аудандық мәслихаттың кезекті төртінші сессия жұмысының күн тәртібімен, регламентін бекіту дауысқа саламын.

Қабылдансын деген депутаттар қол көтерулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс бар ма? Жоқ.

Бірауыздан қабылданды.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе, Ескелді ауданының және ауылдық округтерінің 2022 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы есеп жасау үшін сөз аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы Гүлмира Мұқатайқызы Бейсекуловаға беріледі.

Есеп аяқталды. Баяндамашыға берер сұрақтарыңыз бар ма?

Жоқ.

Келесі сөз, Ескелді ауданы мәслихатының «Экономика, қаржы, бюджет және заңдылықты сақтау мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының төрағасы Александр Викторович Хильниченкоға беріледі.

Құрметті депутаттар! Ескелді ауданы мәслихатының «Экономика, қаржы, бюджет және заңдылықты сақтау мәселелері жөніндегі» тұрақты комиссиясының отырысында, Ескелді ауданының және ауылдық округтерінің 2022 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы есеп жан-жақты талқыланып, қаржы және экономика бөлімі мен ауылдық округтердің әкімдерінің есептері тыңдалған.

Ескелді ауданының және ауылдық округтерінің 2022 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы есебі бекітілсін деген ұсыныс түсті.

Шешімдердің жобалары таратылып берілген.

Құрметті депутаттар! Осы ұсынысты қолдайтындарыңыз қол көтерулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс. Жоқ.

Бюджеттің атқарылуы бекітілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге көшеміз.

«Қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын атқаратын мекемелердің қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазасын өтеген адамдарға әлеуметтік өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі» Ескелді ауданы әкімдігінің жанындағы Консультативтік–кеңесші органның 2022 жылы атқарған жұмыстары туралы, сөз аудан әкімінің орынбасары Жұмағұл Әбдіраманұлы Әлімбековқа беріледі.

Есеп аяқталды.

Баяндамашыға қояр сұрақтарыңыз бар ма?

Жоқ.

Қаралған мәселе бойынша шешім қабылдауымыз керек.

Шешімнің жобасы депутаттарға таратылып берілген. Алып қосарларыңыз бар ма?

Жоқ.

Онда қаралған мәселе бойынша шешім қабылдансын деген депутаттар қол көтерулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс. Жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе, Ескелді аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 42-140 «Ескелді ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы баяндама жасау үшін сөз аудандық қаржы және экономика бөлімінің басшысы Гүлмира Мұқатайқызы Бейсекуловаға беріледі.

Баяндама аяқталды.

Баяндамашыға қояр сұрақтарыңыз бар ма?

Жоқ.

Қаралған мәселе бойынша шешім қабылдауымыз керек.

Шешімнің жобасы депутаттарға таратылып берілген. Алып қосарларыңыз бар ма?

Жоқ.

Онда қаралған мәселе бойынша шешім қабылдансын деген депутаттар қол көтерулеріңізді сұраймын.

Қарсы, қалыс. Жоқ.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Қорытынды жасауға сөз аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметовқа беріледі.

Құрметті депутаттар! Осымен аудандық мәслихаттың кезекті үшінші сессиясын жабық деп жариялаймын.

***Барлықтарыңызға рахмет!***

## 14 МАМЫР 2023 ЖЫЛ – ҚАРАБҰЛАҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

# ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

***Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 – бабына сәйкес Ескелді аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қарабұлақ ауылдық округі әкіміне төмендегі кандидаттарды тіркеді.***

***Алпысбаев Ельдос Куатович,*** 27.09.1983 жылы туған. Білімі жоғары. Жетісу облысы бойынша «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыру бөлімінің басшысы. Мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы.

***Оналбаев Сержан Сембаевич***, 15.10.1980 жылы туған. Білімі жоғары. Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары. Мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы.

**Аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Р.Жексенбеков**

## *Қарабұлақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Елдос Қуатұлы Алпысбаевтың ӨМІРБАЯНЫ*

Мен, Алпысбаев Ельдос Қуатұлы, Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, Қарабұлақ кентінде 27 қыркүйек 1983 жылы, қызметкерлер отбасында дүниеге келдім.

1990 жылы Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентіндегі Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебіне бірінші сыныпқа барып, 2000 жылы Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кентінің Д. А. Қонаев атындағы орта мектебің толық 11 сынып оқып шықтым. Сол жылы, яғни 2000 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қаржы-экономика факультетіне түсіп, 2004 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қаржы-несие мамандығы бойынша толық курсын тәмамдадым.

Еңбек жолымды 2005 жылдың маусым айынан Ескелді ауданы бойынша салық комитетінің жетекші маманы салық инспекторынан бастап, кейін бас салық инспекторы, бөлім басшысы лауазымдарын 2013 жылдың шілде айына дейін атқардым. 2013 жылдың шілде айы 2015 жылдың қараша айы аралығында ауысу тәртібімен Ескелді ауданы қазынашылық басқармасының операциалық тобының, кейін қаржылық шарттардың тіркеу тобының бас маманы-бас қазынашысы қызметтерін атқардым. 2015 жылдың қараша айынан бастап «Нұр Отан» партиясы Ескелді аудандық филиалының эксперті ретінде 2016 жылдың қараша айы аралығында жұмыс істедім. 2016 жылдың қараша айынан бастап 2019 жылдың сәуір айына дейін Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары лауазымын атқардым. 2019 жылдың сәуір айы 2023 жылдың ақпан айы аралығында Ескелді ауданы Жалғызағаш ауылдық округінің әкімі лауазымын атқардым. Ү.ж. наурыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін Жетісу облысының «Қоғамдық даму» басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастыру бөлімінің басшысы лауазымында еңбек етіп келем.

Үйленгенмін, үш қыз, бір ұлым бар.

## *Қарабұлақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Ельдос Куатович Алпысбаевтың сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ*

Ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде ұсына отырып, ауылдық округ тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Ауылдық округ тұрғындарын және ауылдағы өзекті мәселелерді біле отырып, менің әкім ретіндегі міндетім-заңнама аясында және өз өкілеттілігім шегінде ауылды кәсіби басқару, олардың мүдделерін білдіру және қорғау. Ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте еңбек еткен кезеңдегі жинақталған барлық тәжірибе мен білімімді қолдануға ниеттенемін.

Қазақстан Республиксының Президенті мен Үкіметінің тапсырмаларын орындау мен ауылда мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру менің сайлауалды бағдарламамның негізгі мақсат-міндеттері болып табылады.

Менің сайлауалды бағдарламам Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді жүзеге асыруды қамтиды:

Ауылдық округтің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға;

Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау бойынша жұмыстарын күшейтуге

Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;

Аудан басшылығының қолдауымен ауылды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп, көше жолдарының жөндеу жұмыстарын, электр жүйесі қызметін жақсарту.

## *Қарабұлақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Сержан Сембайұлы Оңалбаевтын ӨМІРБАЯНЫ*

Мен, Оңалбаев Сержан Сембайұлы, Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, Крупский ауылында 15 қазан 1980 жылы, дүниеге келдім.

1987 жылы Ескелді ауданы, Қарабұлақ кентіндегі Қарабулақ атындағы орта мектебіне бірінші сыныпқа барып, 1993 жылы Ескелді ауданы, Қарабұлақ кентіндегі Ш.Уалиханов атындағы орта мектебіне ауысып 11 сынып оқып шықтым. 1998 жылы Шымкент қаласындағы ҚР ІІМ-нің заң колледжіне оқуына түсіп 2000 жылы аяқтадым.

Еңбек жолымды 2000 жылдың тамыз айынан Ескелді ауданы ІІБ-де полиция учаскелік инспектор болып бастадым, 2001-2003 жылдар арасында Алматы қаласында 21770 ә/б-де әскери борышымды өтеп келдім, 2004-2006 жылдары Кербұлақ ауданы ІІБ-де жедел уәкіл жұмысын атқардым, 2007-2012 жылдар арасында Талдықорған қаласындағы «Борышкерлемен жұмыс істеу бюросы» ЖШС-нің регионалдық директор лауазымын атқардым, 2012-2018 жылдары «Ескелді ауданының білім бөлімі» ММ-де заңгер болып жұмыс істедім, 2018 жылдан бастап «Қарабұлақ ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-де әкімнің орынбасары лауазымында бүгінгі күнге дейін еңбек етіп келем

Үйленгенмін, екі қыз, бір ұлым бар.

## *Қарабұлақ ауылдық округінің әкіміне үміткер Сержан Сембайұлы Оңалбаевтын сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ*

Ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде ұсына отырып, ауылдық округ тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Ауылдық округ тұрғындарын және ауылдағы өзекті мәселелерді біле отырып, менің әкім ретіндегі міндетім-заңнама аясында және өз өкілеттілігім шегінде ауылды кәсіби басқару, олардың мүдделерін білдіру және қорғау. Әкім тәжірибелі басқарушы-шаруашылық жүргізуші болуы тиіс деп білемін. Сондықтан ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте еңбек еткен кезеңдегі жинақталған барлық тәжірибе мен білімімді қолдануға ниеттенемін.

Қазақстан Республиксының Президенті мен Үкіметінің тапсырмаларын орындау мен ауылда мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру менің сайлауалды бағдарламамның негізгі мақсат-міндеттері болып табылады.

Менің сайлауалды бағдарламам Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді жүзеге асыруды қамтиды:

Ауылдық округтің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға;

Жаңа жұмыс орындарын құруға және округ экономикасына инвестициялық жобаларды тарту жолдарын іздеймін;

Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау бойынша жұмыстарын күшейтуге

Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;

Аудан басшылығының қолдауымен ауылды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп, көше жолдарының жөндеу жұмыстарын, электр жүйесі қызметін жақсарту, сонымен қатар медициналық пункт, ветеринарлық пункт, әкімшілік ғимаратының жаңадан салынуын іс-жүзінде жүзеге асырылуын көздеймін;

Азаматтық қоғамды қалыптастыруға, халықтың билік институттарына деген сенімін нығайтуға ықпал етемін.

Ең бастысы, халықтың қолдауымен, ауызбіршілікпен барлық міндеттер жүзеге асырылады деп ойлаймын. Жаңа Қазақстанды құруға бірге ат салысайық.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXII СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Басы 1-бетте.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым екенін атап өтті.

*«Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Бірегейлігіміздің нақты нышандары

Көгілдір төлқұжатымыз бен көк туымыз – тарихтың өзінен туындаған және миллиондаған адамдардың жүрегінде шынайы жауап тудыратын біздің бірегейлігіміздің нақты нышандары. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Шынайы демократия сөзбен емес, іс жүзінде ұлттың үдемелі ілгерілеуі мен азаматтық идеясын нығайту үшін ең қолайлы жағдай жасайды. Тәуелсіздік жылдары бізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасты деп сенімді түрде айта аламыз. Ол неден көрінеді және оның рәміздері қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін жасанды идеологиялық тұжырымдамаларды әзірлеудің, интерпретациямен және толғаныспен айналысудың қажеті жоқ. Негізінде бәрі бетінде жатыр. Көгілдір төлқұжатымыз бен көк туымыз – тарихтың өзінен туындаған және миллиондаған адамдардың жүрегінде шынайы жауап тудыратын біздің бірегейлігіміздің нақты нышандары. Біздің төлқұжатымыз адамға этникалық тегіне, діни көзқарастарына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты құқықтар мен міндеттердің толық көлемін береді»,* - деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымынша, Қазақстанның төлқұжатына ие болу дегеніміз - елдің халықаралық аренасында құрметті азамат болу, барлық елдерге кедергісіз бару және өзін қазіргі әлемнің ажырамас бөлігі ретінде сезіну.

Бұл әрқашан және барлық жерде өз мемлекетінің қорғауында болуды сезінуді білдіреді.

*«Қазақстан паспорты біздің бірлігіміз бен келісіміміз негізделген прогрессивті құндылықтарды білдіреді. Өз кезегінде Қазақстанның аспан түстес көк туы біздің қасиетті тәуелсіздігіміз бен ғасырлар бойғы мемлекеттілігімізді айқын бейнелейді. Біздің туымыз ең ірі халықаралық спорттық жарыстарда және басқа да осындай іс-шараларда жоғары көтерілген сайын әрқашан өз еліміз үшін мақтаныш сезіміне ие боламыз»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Азаматтарымызды шыққан тегіне қарамастан шетелде қазақтар деп атайды

Елімізде түрлі мәдениет дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Даңқты отандастарымызды, спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс. Біздің қоғам – ортақ идеалдар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі»,* - деді Мемлекет басшысы.

Президент сондықтан бүгінде азаматтарымыздың барлығы өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, қазақ ұлтының мүшесі сезінетінін баса айтты.

*«Біз бәріміз – бір отбасымыз. Бұл – артық айтқандық емес. Бұл – біздің шынайы болмысымыз. Осы ретте біз мақтаныш ететін этномәдени әралуандығымыз ешқайда жоғалып кетпейді. Керісінше, біртұтас азаматтық негіз есебінен нығая түседі. Елімізде түрлі мәдениет дәстүрлері жалпыұлттық бірегейліктің берік іргетасы болып қаланатын өзімізге тән айрықша өмір сүру салты қалыптасты. Осынау ерекше бірегейлігіміз уақыт тезіне төтеп беріп, қоғамдық сананың өзегіне айналды»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп

*«Биыл қасиетті Рамазан айының басы Наурыз мерекесі күндеріне тура келді. Пасха мен Ораза айтты атап өту күндері жақын болды. Мен бұл жерде ерекше нышандық мән көремін. Ораза күндері діндарлар, әдетте, мызғымас адамгершілік құндылықтар туралы көп айтады, бір-біріне жақсы тілектер білдіреді. Сол сияқты Пасха да - адамдарды ең жоғары адамгершілік мұраттарға шақыратын жарқын мереке. Сондықтан бұл мерекелер ұлтына қарамастан еліміздің миллиондаған азаматтары үшін ортақ болды. Біз азаматтарымыздың таңғажайып бірлігінің куәсі болып отырмыз»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы барлық этнос өкілдері қазақтың болмысын бойына сіңіріп жатқанын айтты.

*«Елімізде қазақтың салт-дәстүрін ұстанатын өзге ұлт өкілдері өте көп. Оны өздеріңіз жақсы білесіздер. Қазақстан олар үшін туып-өскен, ержеткен, білім алған, отбасын құрған қастерлі мекені, Отаны саналады. Бұл – табиғи үрдіс»,* - деді Президент.

## Қасым-Жомарт Тоқаев: Сепаратизмнің кез келген белгілеріне қарсы тұруымыз керек

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында сепаратизм белгілеріне Қазақстан халқы жұрт болып қарсы тұру керектігін айтты.

*«Біздегі бірлік пен келісімді бұзуға бағытталған кез келген арандатушылықтың жолын кесу қажет. Біз қоғамдық өрісте әртүрлі жалған немесе фейк, деструктивті жарияланымдардың айтарлықтай көбейгенін көріп отырмыз.*

*Ондай жарияланымдардың басым көпшілігінде авторлардың Қазақстанмен еш қатысы жоқ. Шетелден әрекет ете отырып, қоғам арасында жанжал тұқымын себуге тырысады. Олардың риторикасы мен әрекеттері сенімсіздік атмосферасын қалыптастыруға, адамдар арасындағы алауыздықты қоздыруға, мемлекеттік қауіпсіздікті бұзуға бағытталған»,* - деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, теріс пиғылдағылардың талпынысымен тұрмыстық немесе қылмыстық сипаттағы кез келген кикілжің этносаралық деңгейге шығып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

*«Сондықтан біз жауапты азаматтар ретінде ракдикализмнің, экстремизм мен сепаратизмнің кез келген белгілеріне қарсы тұрып, бұл мәселеде байыпты әрі қатаң, түптеп келгенде әділетті болуымыз керек»,* - деді Мемлекет басшысы.

## Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады

Қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болады. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі саясатымыздың стратегиялық бағыты болып қала береді. Қазақ тілі – азаматтық интеграцияның тиімді құралы, мәдени-рухани тұтастықтың жарқын көрінісі. Сондай-ақ қазақ тілі ғылыми прогресс пен білімнің озық жетістіктеріне жол ашатын құралға айналуы керек. Бұл – тек салалық министрліктердің ғана емес, бүкіл қоғам болып шешетін тарихи міндет. Осы ретте асыраcілтеушілік пен даңғазалыққа жол бермей, парасатты әрі дәйекті түрде әрекет еткен жөн. Мемлекеттік тілді оқымаған және тиісті деңгейде меңгермеген азаматтар тіл білмегені үшін қысым көрмеуге тиіс. Сонымен қатар біздің қоғамда мемлекеттік тілді үйрену, оны білуге ұмтылу қалыпты жағдайға айналуы қажет»,* - деді Президент.

Мемлекет басшысы қазақ тіліне сұраныс артқанда ғана ол көпшілік кең қолданатын тіл болатындығын баса айтты.

*«Түптеп келгенде, бірнеше тіл білу – әр адамның мәдениеттілігінің белгісі. Ал мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілін, яғни қазақ тілін білу – қандай да бір азаматтың мәдени өресі, азаматтық жауапкершілігі қаншалықты биік екенін білдіреді. Сондай-ақ қаншалықты патриот екенін көрсетеді. Жалпы, мемлекеттік тіл төңірегінде оң көзқарас ұстану қажет. Тіл мәселесіне қатысты барлық пікірталас этникалық емес, азаматтық және саяси сипатқа ие екенін түсіну маңызды»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Этносаралық қатынасқа қатысты кез келген арандатудың жолын кесеміз

Этносаралық келісім саясатында сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейту керек. Бұл жұмысты орталықта және аймақтарда жүргізген жөн. Біз ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде шынайы пікір алуандығына қол жеткіздік. Әрине, әр саясаткердің өз пікірі болуы орынды. Елімізді дамыту, күнделікті мәселелерді шешу туралы көзқарастар үнемі бірдей бола бермейді. Бұл – түсінікті»,* - деді Мемдекет басшысы.

Президент алайда ел бірлігін сақтауға келгенде жұдырықтай жұмыла білуіміз керектігін баса айтты.

*«Этносаралық келісім саясатында сөз бен іс бір жерден шығуға тиіс. Ассамблея саяси партиялармен ақылдасып, кеңесіп отыруы қажет. Сонда бірлігімізді нығайтамыз. Этносаралық қатынасқа қатысты кез келген арандатудың жолын кесеміз»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Бізге өзгенің ақпараттық соғысы керек емес

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында елдің ішкі тұтастығы Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті сияқты құзырлы органдардың назарында болатынын еске салды.

*«Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Ешкімді ұлтына, тіліне, дініне қарап кемсітуге болмайды. Қоғамда мұндай ұстанымға сай бөлектенуге жол берілмейді. Әрқайсымыз – Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз – бүгінгі өмірі және болашағы бір бауырлас азаматтармыз»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, Президент этносаралық және тіл мәселесіндегі арандату әрекеттеріне заңмен қатаң тыйым салынғанын еске салды.

*«Этносаралық, тілдік және әлеуметтік сипаттағы кез келген арандату әрекетінің жолы заң аясында қатаң кесіледі. Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті бұл мәселені ерекше назарда ұстап, заң бойынша әрекет етеді. Әр азамат өз сөзі мен әрекетіне жауапкершілік сезінуі керек. Эмоцияға беріліп, өшпенділік пен жеккөрушілікке бой алдыруға болмайды. Бөтен ақпараттық соғыстар мен идеологиялық даулар бізге қажет емес»,* - деді Президент.

## Ассамблея және билік органдары өзара тығыз байланыста болуға тиіс

Партияларды ортақ іске жұмылдырудың тағы бір маңызды жолы – Парламентте депутаттық бірлестік құру. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Партияларды ортақ іске жұмылдырудың тағы бір маңызды жолы – Парламентте депутаттық бірлестік құру. Ассамблеядан сайланған бес сенатор бұл шаруаның басы-қасында жүруі керек. Этносаралық қатынас саласындағы өзін өзі басқару институттарын дамыту – маңызды міндеттің бірі. Ассамблея бұл жұмысты этномәдени бірлестіктердің қызметін үйлестіру арқылы атқаруда. Осында министрліктердің, мекемелердің, аймақтардың, Парламенттің және Президент Әкімшілігінің басшылары отыр. Олардың көпшілігі – Ассамблея мүшесі. Ассамблея қызметіне белсене атсалысу – баршаңызға ортақ міндет»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ассамблея да әкімдіктер мен мәслихат жұмысына атсалысуы қажеттігін атап өтті.

*«Бір сөзбен айтқанда, Ассамблея және билік органдары өзара тығыз байланыста болуға тиіс. Мұның айрықша мәні бар. Құзыреттерді жоғарыдан төменге беру ісінде осы мәселені ескерген жөн. Мемлекеттік орган басшылары Ассамблея өкілдерімен тұрақты кездесіп отыруы қажет. Мұндай кездесулер кем дегенде жарты жылда бір рет өткізілуі керек»,* - деді Президент

## Әкімдіктер ұтымды бастамаларға барынша қолдау көрсетуі тиіс

Этномәдени бірлестіктердің жергілікті билікпен тікелей қатынас орнатуы маңызды. Бұл туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Ассамблеяның барлық негізгі жұмысы жергілікті жерде жүруі керек. Өңірлік ассамблеялар мен жергілікті этномәдени бірлестіктерге осы сессияда қойылған міндеттерді іске асыру ғана емес, жалпы реформалардың сәттілігі де байланысты болады»,* - деді Президент.

Мемлекет басшысы Ассамблея көптеген игілікті іске ұйытқы болып отырғанына тоқталды.

*«Мәселен, рекордшы Сергей Цырульников «100 ауыл» жобасы бойынша бастама көтерді. Ол ауылдық жердегі 100 мектепті спортқа қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етті. Мұның бәрін бюджеттен қаржы сұрамай жүзеге асырды. «Үйде сөйле» атты жобаның аясында аула клубтары ашылып жатыр. Тұрғындар сол жерде бас қосып, қазақ тілін үйрене бастады. Әкімдіктер осындай ұтымды бастамаларға барынша қолдау көрсетуге тиіс. Этномәдени бірлестіктердің жергілікті билікпен тікелей қатынас орнатуы маңызды»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Мәдени диалогты әлсіздік деп қарауға болмайды

*«Демократия туралы айтқанда, таразыда азаматтың құқықтары мен бостандықтары ғана емес, оның міндеттері мен жауапкершілігі де тұрғанын әрқашан есте ұстау қажет. Еркіндікті бассыздықпен шатастырмау керек. Ал мәдени диалогты әлсіздік деп қарауға болмайды.*

*Бір адамның бостандығы екіншісінің бостандығы басталған жерде аяқталатыны бұрыннан белгілі. Келісімге ұйыған қоғам құру үшін заңдылық пен тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз етуіміз керек»,* - деід мемлекет басшысы.

Президенттің сөзінше, бұл – әділетті мемлекет құрудың басты қағидасы.

*«Оны жүзеге асыру үшін кез келген құқық бұзу әрекетіне жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету қажет. Заң нормалары қағаз жүзінде емес, іс жүзінде жұмыс істеп, барша азаматтарға қоғамдағы орнына немесе бұрынғы сіңірген еңбегіне қарамастан ортақ болуы керек»,* - деді Президент.



## Президент ҚХА-ның жаңа сыйлықтары мен орденін бекітуді ұсынды

*«Жеріміздегі үндестік пен келісімді нығайтуға нақты істерімен үлес қосып жүрген азаматтарды жан-жақты ынталандыру қажет. Қазақстан халқы Ассамблеясының екі сыйлығын бекітуді ұсынамын. Біріншісі – әдебиет пен журналистика саласындағы үздік еңбек үшін. Екіншісі – мәдениет және өнер саласындағы үздік туындылар үшін. Бұл марапаттарды жеке авторлар да, шығармашылық ұжымдардың алуы маңызды болмақ. Бұл ретте ақшалай сыйлықтың мөлшері мемлекеттік сыйлықтан кем болмауы тиіс»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент жаңа мемлекеттік награданы, яғни Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ұлт бірлігін нығайту жолындағы жемісті еңбегі үшін» орденін бекіту керек екенін айтты.

*«Алғашқы лауреаттарға бұл наградаларды биыл қазан айында Республика күніне орай табыстауға болады»,* - деді Мемлекет басшысы.

## Этносаясатымыз біртұтас әрі дәйекті жүргізілуге тиіс

*«Біздің этносаясатымыз біртұтас болып, дәйекті түрде жүргізілуге тиіс. Сондай-ақ ғылыми тұжырымдарға негізделуі қажет. Осы саладағы тапсырмаларды орындау барысында менің сайлау алдындағы тұғырнамам және басқа да стратегиялық құжаттар басшылыққа алынуы керек. Мысалы, қазір әлеуметтік салада жүйелі өзгерістер жасалып жатыр. Мен жақында Әлеуметтік кодекске қол қойдым. Мұндай маңызды құжат ТМД мемлекеттері ішінде алғаш рет қолданысқа енгізіліп отыр»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұл кодекс еліміздің жаңа әлеуметтік саясатын айқындайтындығын, мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың мүлде жаңа үлгісін қалыптастыратынын баса айтты.

*«Сондай-ақ жаңа әлеуметтік келісімнің негізін қалайды. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс бүгінгі күннің талаптарымен мейлінше үндеседі. Сол сияқты этносаясат та мемлекеттің басымдықтарына толық сай келуі керек»,* - деді Президент.

## Плюрализмге – иә, радикализмге – жоқ, осы ұстаным бұлжымас күйінде қалады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында плюрализм мен радикализмнің айырмашылықтарына тоқталды.

*«Біз адамдардың құқықтық мәдениетін дәйекті түрде арттырып, қоғамдық санада шығармашылық құндылықтарды тәрбиелеуіміз керек. Әр азамат өз сөзі мен іс-әрекетін заң тұрғысынан бағалап, іс-әрекетінің құқықтық салдарын анық түсінуі керек. «Плюрализмге – иә, радикализмге – жоқ». Бұл ұстаным бұлжымас күйінде қалады. Біздің ақпараттық кеңістігімізде және қоғамдық алаңымызда достық пен келісім, сындарлы диалог пен шығармашылық өзара іс-қимыл атмосферасы болуы керек»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымынша, Қазақстан үшін бұл ойдан шығарылған дүниелер мен жасанды категориялар емес.

*«Бұл біздің тарихымыз, бүгініміз және болашағымыз. Бізде ұлтымыздың бірлігін, азаматтардың достығын, толеранттылығы мен отаншылдығын көрсететін шынайы мысалдар бар. Ассамблея мен оның мүшелерінің әлеуметтік желілерде бейбітшілік пен келісім идеяларын кеңінен насихаттап, арандатушылыққа жедел ден қойып, бірлігімізді қорғап жатқаны қуантады»,* - деді Президент.

## Президент: Елдікті бұзу, бірлікті шайқалту – қылмыс

*«Халқымыздың ынтымақ-бірлігі бұл – тағдырдың бере салған сыйы емес. Бұл – ең алдымен, жұртымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы екенін дұрыс түсінуіміз керек. Сондықтан біз бірлігімізді күн сайын нығайтып отыруымыз қажет»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент татулық пен келісім халқымыздың өмір салтына айналуы тиіс екенін айтты.

*«Әйтпесе, елдікті сақтап қалуымыз өте қиын болады. Жақсы тілек айту – халқымыздың қанына сіңген қасиет. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған. Мен барша отандасымызды еліміздің береке-бірлігін бағалай білуге шақырамын. Шын мәнінде, ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – ең жауапты әрі сауапты іс. Елдікті бұзу, бірлікті шайқалту, бұл – заң алдында – қылмыс, Құдай алдында – күнә. Осыны бәріміз терең түсінуіміз қажет»,* - деді Мемлекет басшысы.

4-бет

Басы 3-бетте.

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXXII СЕССИЯСЫ ӨТТІ

### *Президент ұлтқұру процесінің жай-күйіне талдау жасауды тапсырды*

*«Мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру үшін кешенді талдау қажет. Үкімет жыл соңына дейін тиісті өзекті ұсынымдармен ұлт құру процесінің ағымдағы жай-күйін талдай отырып, сараптамалық баяндама дайындауы тиіс»,* - деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымынша, осы мәселе бойынша ғылыми зерттеулерге ерекше назар аудару қажет.

*«Мемлекеттік органдардың ғылыми ұсыныстарға немқұрайлы қарауы, көбіне кері байланыссыз қалады. Бұл, жалпы, байыпты әңгіме үшін үлкен тақырып. Бейінді министрліктерден, Мемлекеттік басқару академиясынан ғылыми-талдама жұмысының сапасын арттыру және практикалық қайтарымы бойынша нақты ұсыныстар күтемін»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### *Ассамблея – бейбітшілік пен келісім идеясының өкілетті ұйымы*

*«Өткен жылдың бойында Ассамблея өкілдері елдегі резонанстық жағдайларға байланысты прагматикалық және ұйыстырушы ұстанымды алға тарта отырып, бірнеше рет мәлімдеме жасады. Сіздер қоғамдық бірлестіктің бір бөлігі ғана емес, бейбітшілік пен келісім идеясының нағыз өкілетті өкілдерісіз. Этносаралық және конфессияаралық қатынастар сияқты сезімтал тақырыпты талқылау кезінде әрқашан парасаттылық пен көрегендіктің үлгісін көрсетіп жүрсіздер»,* - деген Мемлекет басшысы осы тәсілге сүйене отырып, қоғамда дау туғызуға тырысатын кез-келген әрекетке қарсы тұруға болатынын меңзеді.

*«Әр азамат ел ішінде де, шетелде де халқымыздың бірлігі мен ынтымақтастық құндылықтарын батыл қорғауға тиіс.*

*Әлеуметтік желідегі челленджер бұған жақсы мысал. Біздің этносы әр түрлі азаматтарымыз халықтың бірлігін паш етіп, елде кемсітушіліктің жоқ екенін жар салып жүр. Креативті индустрия өкілдері мен жай ғана шығармашылық адамдар Қазақстандағы достық пен өзара түсіністіктің ерекше атмосферасына, азаматтарымыздың мейірімділігі мен толеранттылығына арналған контент жасап жүргені қуантады. Мұндай әндер, өлеңдер, бейнероликтер әрдайым көрермендердің ынта-жігерін оятады»,* - деді Мемлекет басшысы.

### *Былтырғы референдум және сайлау науқандары бірлігіміздің бекем екенін көрсетті*

Еліміздегі реформалар мемлекеттілікті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл туралы бүгін елордада Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

Президенттің айтуынша, Қазақстан өзінің геосаяси төңірегінде терең трансформацияларды жүзеге асырып жатқан бірден-бір мемлекетке айналды. Бұл бағыттағы қадамдар оңай болмайтыны анық, бірақ осы қарқынымызды бәсеңдетуге болмайды.

Осы орайда Мемлекет басшысы ел мүддесі бәрінен жоғары тұрғанын атап өтті. Сондықтан еліміздегі реформалар, ең алдымен, мемлекеттілікті нығайтуға, азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

*«Былтырғы референдум және сайлау науқандары бірлігіміздің бекем екенін айқын көрсетті, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның өзара сенімін нығайтты, барша азаматтардың ел болашағына қатысты ұстанымы бір екенін танытты»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### *Этносаралық саясат елдегі реформалармен үндес болуға тиіс*

*«Қазір дүниежүзіндегі ахуал түбегейлі өзгеріп жатыр. Жаңа басымдықтар пайда болуда. Сырттан төнген сын-қатердің бетін қайтару аса өзекті мәселеге айналды. Мемлекеттер үшін егемендікті қорғаудың, ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызы арта түсті. Бұл ретте, этносаясат байыппен жүргізілуі керек. Яғни татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Сессия аясында кеше нақты мәселелерге арналған пікірталас өткенін білемін. Этносаясатта жаһандық және аймақтық үдерістер ескерілуге тиіс екені айтылды»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пайымынша, бұл – өте орынды ұсыныс.

*«Этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу қажет. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс»,* - деді Мемлекет басшысы.

### *Ұлтшылдықты ұлттық өзімшілдікпен шатастыруға болмайды*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында ұйымның құрамы үнемі жаңартылып отыраатынын мәлім етті.

*«Әлемдегі барлық қақтығыстар мен соғыстар ұлттық тәкаппарлықтан, басқа этнос өкілін жақын және дос ретінде көргісі келмеуден туындайды. Ешқандай жағдайда нағыз патриотизмді Ұлттық өзімшілдікпен шатастыруға болмайды. Сондықтан біз әрі қарай да Ассамблеяны дамытып, жұмыс әдістерін жетілдіреміз, оның құрамын үнемі жаңартып отырамыз»,* - деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымынша, қазақ даласында барша қазақстандықтардың еркін өмір сүруіне жер жетеді.

*«Біз – бір жердің перзенттеріміз, бір халықтың ұлдары мен қыздарымыз! Ұлы даланың шексіз кеңістігінде бәрімізге орын жетеді. Қазақстанның болашағы, балаларымыздың тағдыры, ата-бабаларымыздың мұрасы біздің қолымызда. Біз уақыттың кез келген сынағын қасқайып қабылдаймыз.*

*Әрбір отандасымнан мен шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, іске адал көзқарастың үлгісін көремін»,* - деді Президент.

### *Президент ҚХА-ның негізгі міндеттерін атады*

Түрлі этностардың мәдениет қайраткерлері арасында қоғамдық диалогтың болуы өте маңызды. Бұл туралы бүгін елордада Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтты.

*«Ассамблеяның қызметін біртіндеп ұлттың ықпалдастық әлеуетін күшейтуге бағыттау керек. Сондай-ақ Ассамблея этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктердің қызметіне тың серпін беру мәселесіне айрықша назар аударуы қажет. Олар этносаралық коммуникацияның тиімді жолдарын қалыптастыруға тиіс»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы Үкіметке тиісті тапсырма берді.

*«Түрлі этностардың мәдениет қайраткерлері арасында қоғамдық диалогтың болуы өте маңызды. Жұмыс тәсілі қазіргі заманға сай болғаны жөн. Үкімет осы айтылған мәселелерге назар аударуы керек», - деді Президент.*

### *Бауырлас елдермен болашағымызды бөле-жара қарамаймыз*

«Қазақстанның басқа елдермен қарым-*қатынасы да бірлікке, татулыққа және өзара тілектестікке негізделуі керек. Әсіресе көршілес, бауырлас елдермен болашағымызды бөле-жара қарамаймыз. Жақында Қырғыз Президенті Садыр Жапаров әлеуметтік желіде қазақ пен қырғыздың достығы туралы лебізін білдірді. Шын мәнінде, біз тамырлас, тағдырлас, бір туған жұртпыз. Қиындықты бірге еңсеріп, қуанышты бірге бөлісіп, қилы заманның бәрінен өтіп келеміз»,* - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ұлы Абайдың «еш қазақ қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды» деген сөзін мысалға келтіріп өтті.

*«Мұхтар Әуезов «Манас» жырын идеологиялық тұрғыдан құтқаруға ерекше еңбек сіңірген. Молдақылыш пен Шыңғыс Айтматовқа өз бауырындай араша түскен. Бұл екі елдің ерекше жақындығын және жанашырлығын айқын көрсетеді. Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы оқиғалар және кейіпкерлер қазақ жерімен тығыс байланысты. Алатаудың бөктерін қатар жайлаған егіз халық болашаққа бірге қадам баса береді. Мен бұған кәміл сенемін. Біз басқа да бауырлас елдермен, көрші мемлекеттермен қарым-қатынасты осындай деңгейде жалғастыруымыз керек», - деді Президент.*

### *Халықтар арасындағы достықты нығайтуға үлес қосқан қазақстандықтар марапатталды*

Мемлекет басшысының Жарлығымен халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін бірқатар азаматтар марапатталды.

***II дәрежелі «Достық» орденімен:***

1. Ким Гера, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Азия зерттеулер институтының директоры;

2. Ким Константин Станиславович, «Коре ильбо» республикалық газетінің бас редакторы.

***«Құрмет» орденімен:***

1. Бугинас Бронислав Казисович, «Lituanica» литвалықтар ҚБ мүшесі;

2. Микаелян Наринэ Гамлетовна, «Наири» Қазақстан Республикасының армян мәдени орталықтарының қауымдастығы» РҚБ төрағасының орынбасары.

***«Шапағат» медалімен:***

1. Кан Алина Александровна, «Сөйле» тілдесу клубының қазақ тілінің оқытушысы;

2. Останькович Дмитрий Валерьевич, «Радима» беларусь мәдени орталығы» ҚБ төрағасы;

3. Тумгоев Юсуп Лом-Алиевич, «Вайнах» шешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту қауымдастығы» ЗТБ мүшесі.

Сонымен қатар Костенко атындағы шахтаның тау-кен жұмысшысы Даниель Дильге, блогер Иван Червинскийге және Қазақстан халқы Ассамблеясының Франциядағы достық елшісі Оборон-Туар Малгожатаға Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысы жарияланды.

**Материал Akorda**
**Telegram арнасынан дайындалған**

# МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ПАМЯТИ ЖЕРТВ РАДИАЦИОННЫХ АВАРИЙ И КАТАСТРОФ

***В ночь с 25 на 26 апреля 1986 года недалеко от украинского города Припять произошла самая крупная техногенная авария в СССР на Чернобыльской АЭС. Радиоактивное облако распространилось на территории Украины, Беларуси и России. Около 8,4 миллиона человек в трех странах подверглись воздействию радиации. В этом году 26 апреля исполнилось 37 лет со дня чернобыльской катастрофы. Отдавая дань памяти погибшим, главы государств-участников Содружества Независимых Государств на саммите в июне 2001 года приняли решение обратиться к государствам – членам ООН об объявлении 26 апреля Международным днем памяти жертв радиационных аварий и катастроф. А 17 декабря 2003 года Генассамблея ООН поддержала решение Совета глав государств СНГ о провозглашении 26 апреля Международным днем памяти жертв радиационных аварий и катастроф, а также призвала все государства-члены ООН отмечать этот Международный день и проводить в его рамках соответствующие мероприятия.***



16 октября 2015 года в Республике Казахстан на саммите СНГ был принят важный политический и международный документ — Обращение глав государств Содружества Независимых Государств в связи с 30-й годовщиной аварии на Чернобыльской АЭС. В Обращении подчеркивается дань памяти погибшим в результате чернобыльской трагедии и решимость продолжать прилагать усилия по преодолению последствий чернобыльской катастрофы, а также содержится призыв всемерно содействовать решению проблем, связанных с последствиями участия ветеранов-чернобыльцев в ликвидации чернобыльской катастрофы.

В результате аварии на ЧАЭС был полностью разрушен атомный реактор, в окружающую среду попали радиоактивные вещества, а образовавшееся облако разнесло их по территории Украины, России, Беларуси и ряда стран Европы, произошло радиоактивное заражение зоны общей площадью 207,5 тысячи квадратных километров.

В ночь на 26 апреля на четвертом энергоблоке Чернобыльской АЭС произошел взрыв в ходе проведения проектных испытаний одной из систем обеспечения безопасности. В результате взрыва была полностью разрушена активная зона и вся верхняя часть здания реактора, сильно пострадали и другие сооружения. Были уничтожены барьеры и системы безопасности, защищавшие окружающую среду от радионуклидов, наработанных в облученном топливе. Выброс продуктов ядерного топлива из поврежденного реактора на уровне миллионов кюри в сутки продолжался в течение 10 дней с 26 апреля по 6 мая 1986 года, после чего резко упал (в тысячи раз) и в дальнейшем продолжал уменьшаться.

В результате аварии радиоактивному загрязнению подверглись территории 17 стран Европы общей площадью 207,5 тысячи квадратных километров. Большая часть пришлась на территории Украины (37,63 тысяч квадратных километров), Беларуси (43,5 тысяч квадратных километров) и России (59,3 тысяч квадратных километров). В России радиационному загрязнению подверглись 14 регионов, на которых проживало около трех миллионов человек. Радиоактивность, которую принесли с собой загрязненные облака из Чернобыля, была зафиксирована не только в северной и южной частях Европы, но и в Канаде, Японии и Соединенных Штатах. Незагрязненным осталось только лишь южное полушарие Земли.

Авария на ЧАЭС так или иначе затронула жизнь миллионов людей. Большая часть населения северного полушария в результате чернобыльской аварии подверглась воздействию радиации в разной степени. Люди, проживающие за пределами территории бывшего Советского Союза, получили относительно небольшие дозы, в основном, в зависимости от того, имели ли место дожди при прохождении радиоактивного следа. Почти 8,4 миллиона человек в Беларуси, России, Украины подверглись воздействию радиации, сотни тысяч из них были эвакуированы с загрязненных территорий. Непосредственно во время аварии острому радиационному воздействию подверглось свыше 300 человек из персонала АЭС и пожарных. Из них 237 был поставлен первичный диагноз «острая лучевая болезнь» (ОЛБ), в дальнейшем этот диагноз был подтвержден у 134 человек. 28 человек умерли от ОЛБ впервые месяцы после аварии. Три человека погибли в момент взрыва на четвертом энергоблоке (один человек погиб в момент взрыва под обломками, другой скончался через несколько часов от полученных травм и ожогов, а третий из них умер от сердечной недостаточности).

После аварии, к работам по ликвидации ее последствий были привлечены 600 тысяч граждан СССР (по некоторым оценкам до 800 тысяч человек, включая большое количество военных). Они непосредственно участвовали в создании «Укрытия» над разрушенным четвертым блоком, в дезактивации площадки ЧАЭС и других блоков. Самая большая группа ликвидаторов участвовала в операциях по очистке территории после аварии. Хотя работали они уже не в аварийной обстановке, они, тем не менее, получили значительные дозы облучения. Участники ликвидации последствий аварии, рискуя жизнью и здоровьем, выполнили свой долг и предотвратили распространение губительных радиоактивных выбросов.

Важным достижением стало завершение в 2019 году установки нового саркофага над старым объектом «Убежище»; на осуществление этого проекта более 45 стран-доноров выделили средства в размере 2,2 млрд евро, распоряжение которыми осуществлял Европейский банк реконструкции и развития (ЕБРР). Новый саркофаг был передан правительству Украины 10 июля 2019 года. Этот проект является одним из крупнейших проектов международного сотрудничества в области ядерной безопасности.

Не все знают, что чернобыльцами не исчерпывается список жертв. Сюда по праву отнесены «семипалатинцы» - люди, служившие на советском ядерном полигоне в Казахстане. А самыми первыми встали на пути «мирного атома» военные и гражданские люди, ликвидировавшие последствия аварии в 1957 году на комбинате «Маяк» в Челябинской области. Все они являются получателями компенсаций и иных выплат гражданам, подвергшимся воздействию радиации вследствие катастрофы на ЧЕРНОБЫЛЬСКОЙ АЭС, аварии в 1957 году на производственном объединении «МАЯК» и сбросов радиоактивных отходов в реку Теча, а также вследствие ядерных испытаний на СЕМИПАЛАТИНСКОМ ПОЛИГОНЕ.

Масштабы катастрофы могли стать намного большими, если бы не мужество и самоотверженность героев-ликвидаторов, принимавших участие в устранении последствий аварии на Чернобыльской АЭС. Рискуя жизнью, здоровьем они защитили людей от пагубного воздействия и дальнейшего распространения радиации.

В этот день проводятся траурные митинги, встречи ветеранов-чернобыльцев, возложения цветов к мемориалам, а также другие памятные мероприятия.

Масштаб трагедии на Чернобыльской АЭС сложно переоценить, весь мир должен помнить об этом и чтить память тех, кто отдал свою жизнь и здоровье, чтобы устранить последствия катастрофы.

**Подготовила**
**Елена ТКАЧЕНКО.**

# БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ТЕЖЕЛУІ ДЕГЕНІМІЗ....



***Сөйлеу тілінің тежелуі дегеніміз- ауызша сөйлеуді меңгерудің жас нормасымен салыстырғанда кешігуін айтамыз. Бұл анғарым әдетте 3 жасқа дейінгі балаларға қойылады, кей жағдайларда 4 жасқа дейінгі балаларда кездесіп жатады. Ал, 4 жастан кейін баланың даму деңгейіне байланысты қойылады.***

Сөйлеу тілінің тежелуі деп баланың сөйлеу тілі жасына сай келмеуін айтады. Мысалы 3 жастағы (қалыпты) баланың сөйлеу қорында 800-1500 сөз қоры болуы керек. Балалардың сөйлеу тілі нормаға сай келмесе, яғни бала сөздерді жеке-жеке сөйлесе, ым-ишара (жест) қолданса, баланы бірінші кезекте невропатолог дәрігеріне көрсету маңызды. Себебі баланың неврологиялық бұзылыстарын тексере отырып мамандар анғарым (диагноз) қояды. Жалпы біз «ЗРР-Сөйлеу тілінің тежелуі», «ЗПРР- Сөйлеу тілі мен танымдық қабілетінің тежелуі», «ЗПР- Психикалық дамуының тежелуі» деген анғарымдарды жиі естиміз.

Сөйлеу тілінің тежелуі – қыз балаларға қарағанда ұл балаларда жиі кездеседі. Балада сөйлеу тілінің тежелуін ерте жастанақ анықтауға болады. Мысалы: 2 жастан асқанда екі сөзден тұратын сөз тіркесінің болмауы, ( мама бер, тамақ жеймін, дала барам) деген сияқты. Ал 3 жаста сөздік қорының аз болуы, жеткіліксіз айтылуы, өз қалауын, өз ойын сөйлеу арқылы жеткізе алмауы арқылы анықталады. Көбіне ата-аналар балаларының сөйлеу тілі артта қалғанын байқаса да ақылы толғанда сөйлеп кетеді, мінезі салмақты болғандықтан, әкесі кеш сөйлеген деп жеңіл қарайды. Соның салдарынан көп уақыт жоғалтып алатыны да рас. Егер ата-аналары балада сөйлеу тілінің тежелуін байқай отырып дер кезінде түзету жұмыстары жүргізілмесе, екіншілік кемістіктің пайда болуына әкеліп соқтырады. Мысалы: баланың сөздік қоры аз, шектеулі болғандықтан, ол қарым-қатынасқа (ойнау, өз ойын жеткізу) түспегендіктен мінез-құлықтың өзгеруі, ойлау, есте сақтау қабілетінің артта қалуын тудыруы мүмкін. Сол үшін баланы тексеру барысында қателеспеу үшін арнайы (невропатолог, психолог, дефектолог, логопед) мамандарынан өткен дұрыс шешім болып табылады.

Қалыпты жағдайдағы баланың сөйлеу тілінің даму деңгейі төмендегідей болмақ;

-2-4 айлық кезінде гуілдей бастайды;

-4-6 айда былдырлай бастайды;

-6-9 айында екі буын шығарады «ма-ма», «ба-ба», «да-да».

-Қыз балада 9-10 айында алғашқы сөздері пайда болады, ұл балаларда 11-12 айында басталады.

-1 жастан бастап оншақты жәй сөздері болуы керек (мама, папа, ата, апа) және жақсы түсініп, ажырата алуы керек.

-15 айдан 2 жас аралығында бала саналы түрде (бер, мә, ал т.с.с.) сөздерді түсініп, айта алуы керек.

-2 жастан екі-үш сөзді құрап, сөйлей алуы керек (мама су бер; мен дала барам). Сөздік қорында 200-ден аса сөз болуы керек.

-3 жастан бастап күрделі сөйлемді құрастырады, өз ойын жеткізе алады. Тақпақ, өлеңдерді еліктеп жаттай алады. Сөздік қоры кем дегенде 800-1500 сөз болуы керек.

-4 жаста 1500-ден аса сөз қоры болу және белгілі ойды білдіретін сөйлем құрай алуы керек.

Қорыта келгенде баланың дамуына ерте жастан мән берген ата-ананың өз баласының болашағынан үміті зор болмақ. Бүгінгі балаертеңгі ұлт болашағы. Болашағымыз жарқын, келешек ұрпақ кемел болғай!

**Г.Т. НОГАЙБЕКОВА-ОРАКБАЕВА,**
**мұғалім-логопед**
**«Жетісу облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ескелді ауданының №12 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті,**
**Қарабұлақ ауылы.**

# О ПРОВЕДЕНИИ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ ПРИВИВОК

***Основной мерой профилактики, так называемых вакциноуправляемых инфекций (туберкулез, вирусный гепатит В и А, коклюш, дифтерия, столбняк, корь, краснуха, паротит, полиомиелит) является проведение профилактических прививок. Иммунизация регламентирована Постановлением Правительства РК от 24.09.2020 года №612. Перед проведением вакцинации врач общей практики или педиатр, при отсутствии врача - фельдшер проводит медицинский осмотр прививаемого лица, при отсутствии противопоказаний оформляет допуск к проведению иммунизации.***

Противопоказания к проведению профилактических прививок:

Общие постоянные для всех видов вакцин:

-сильная реакция, развившаяся в течение 48 часов после предыдущего введения вакцины (повышение температуры тела до 40 градусов Цельсия и выше, синдром длительного, необычного плача три и более часов, фебрильные или афебрильные судороги, гипотонический-гипореактивный синдром)

-осложнение на предыдущее введение вакцины - немедленные аллергические реакции, в том числе анафилактический шок, развившиеся в течение 24 часов после прививки, энцефалит или энцефалопатия (проявляющиеся изменением уровня сознания, судорогами), развившиеся в течение семи дней после введения вакцины и не имеющие других причин объяснения этих симптомов.

Постоянные для использования живых вакцин:

-стабильные иммунодефицитные состояния, включая ВИЧ-инфекцию

-злокачественные новообразования, включая злокачественные заболевания крови

-беременность.

Временные, общие для всех видов вакцин:

-острые заболевания центральной нервной системы (менингит, энцефалит, менингоэнцефалит) - вакцинация откладывается на срок до одного года со дня выздоровления

-острый гломерулонефрит - вакцинация откладывается до 6 месяцев после выздоровления; нефротический синдром - до окончания лечения кортикостероидами

-острые инфекционные и неинфекционные заболевания средней и тяжелой степени тяжести вне зависимости от температуры - вакцинация разрешается через 2-4 недели после выздоровления

-применение при различной патологии стероидов, а также других препаратов, обладающих иммуносупрессивными свойствами

-больные с прогрессирующими хроническими заболеваниями не подлежат вакцинации; больные с обострением хронических заболеваний прививаются в период ремиссии.

При наличии противопоказаний к отдельным видам вакцин, участковый врач (фельдшер) оформит медицинский отвод на определенный срок.

Контакт с инфекционным больным, ограничительные мероприятия не являются противопоказанием к проведению плановой иммунизации. Возможно совмещение разных прививок в один день, за исключением вакцины против туберкулеза.

Не отказывайтесь от прививок, защитите себя и Ваших детей, оставайтесь здоровыми! Лишить ребенка права на вакцинацию - значит лишить его здоровья!!!

**Г.С. КАЛИЯКБЕРОВА,**
**валеолог ЗОЖ кабинета**
**Н.И. ХИМЧЕНКО,**
**медсестра**
**иммунологического кабинета**
**ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ**

# ПЕРВАЯ ДОВРАЧЕБНАЯ ПОМОЩЬ ПРИ ТРАВМЕ

***Ушибы - это травмы, которые возникают при воздействии тупых предметов на мягкие ткани (при ударах о жесткие поверхности, острые предметы или при падениях)***

**При ушибах может быть:**

заметное повреждение мелких и крупных кровеносных сосудов, мышц или подкожной клетчатки, возможно кровоизлияние в поврежденные ушибленные ткани;

ушибленное место вызывает боль само по себе или боль появляется при его пальпации;на месте ушиба может возникнуть отек;

в некоторых случаях, особенно при возникновении обширных ушибов, может возникнуть нарушение полноценной работы в поврежденных органах.

**Первая помощь:**

приложить к ушибленному месту холодные предметы, например, пузырей со льдом, воды итд. Для того чтобы обеспечить неподвижность ушибленной конечности, необходимо накладывание фиксирующей повязки, обеспечение для пострадавшего полного покоя.

**При необходимости следует обратиться в поликлинику**

**Вывихи** - это смещение в суставных сочленениях суставных поверхностей костей. Вывих происходит, прежде всего, из-за чрезмерных нагрузок на суставы. Самыми распространенными вывихами являются вывихи локтевых, плечевых, тазобедренных и голеностопных суставов.

При вывихе вполне возможны травмы нервных стволов, кровеносных сосудов, нервных, повреждение суставных сумок

**Основными признаками вывиха являются**:

*боль в области сустава и его отек;*при вывихе вполне возможно изменение нормальной формы кости сустава и его смещение из суставной сумки;*так же возможно визуальное изменение конечности. А именно изменение длинны поврежденной конечности и неправильные движения сустава.

**При вывихе необходимо оказывать следующую первую медицинскую помощь:**

крепко зафиксировать вывихнутую конечность, а также сустав, и ни в коем случае, при этом, нельзя самостоятельно пытаться вправить вывихи или придавать поврежденной конечности «правильное» положение!

при повреждении суставов рук, поврежденную конечность нужно подвесить на повязку связанную по типу «косынки, при повреждения суставов ног, пострадавшего необходимо уложить в строго горизонтальное положение и связаться с медицинской службой (например, позвонить диспетчеру скорой помощи).



**Переломами** называются полные или частичные нарушения целостности костей при их чрезмерных нагрузках, которые превышают предел прочности травмируемого участка кости. Возникать переломы могут как вследствие травм, так и в результате последствий самых различных заболеваний, которые сопровождаются серьезными изменениями в прочностной характеристике костной ткани человека. Переломы могут быть, как закрытыми, когда они не сопровождаются разрывом тканей, которые прилегают к месту перелома, так и открытыми, то есть могут сопровождаться ранениями близлежащих мягких тканей

Самым главным признаком данного вида травм является острая, почти невыносимая боль в месте перелома кости, которой сопутствует нарушение безболезненной работы травмированных конечностей. Также на месте перелома вполне возможна аномальная подвижность кости, и визуальное изменение длины конечностей.

**При оказании первой медицинской помощи при переломах следует предпринять следующие действия:**

пострадавшему необходимо наложить на поврежденную конечность тугую фиксирующую повязку, используя в качестве шины любые подручные средства, такие как твердый картон, палки, дощечки и многое другое. Шины необходимо накладывать с нескольких сторон, например, на передней поверхности травмированных рук или ног и сбоку, таким образом, максимально эффективно предупреждается любое нежелательное движение на месте перелома.При наложении фиксирующей повязки необходима прокладка из мягкого материала, например из ваты. Сама повязка должна туго фиксироваться бинтом. Повязка должна захватывать, по крайней мере, два сустава поврежденной конечности, а именно суставы находящиеся выше и ниже мест перелома кости.Например, в случае перелома лучевой кости и локтевой кости следует зафиксировать запястье и локтевой сустав, в противном случае просто фиксация локтя не принесет никакой пользы больному.

при переломе бедра нужно чтобы пострадавший обязательно был в горизонтальном положении.

в случае открытого перелома, в первую очередь следует остановить кровотечение, наложив на рану тугую стерильную повязку и твердо зафиксировать травмированную часть тела.

**Категорически запрещено вправлять в открытую рану части раздробленных костей.**

Затем, следует незамедлительно вызвать скорую медицинскую помощь.

Наиболее важно это сделать в случае перелома крупных костей, костей черепа, грудной клетки, тазовых костей. Потерпевшего госпитализируют в ближайшую травматологическую клинику.

**Г.С.КАЛИЯКБЕРОВА,**
**ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ**
**валеолог кабинета ЗОЖ.**

# АУРУХАНА ІШІЛІК ИНФЕКЦИЯ

***Ауруханаішілік инфекция (немесе нозокомиальды, госпитальды) – дегеніміз бұл науқастың ауруханада емделуі барысында өз сырқатынан басқа сырқатты жұқтырып алуы. Көбінесе үш тәуліктен аса мерзімде дамыса немесе ауруханадан шыққан соңғы үш тәулік бойында байқалса бұл ауруханаішілік инфекция ретінде қарастырылады. Аурухана ішілік инфекциялар бүкіл әлемдегі денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар медициналық қызметкері жұмыс істеу барысында қандай да бір жұқпалы аурумен ауырып қалуы (кәсібіне байланысты) да АІИ-ға жатады. Науқас тек ауруханада ғана емес , басқа да емдеу мекемелерінде ем алу немесе тексерілу мақсатымен баруы кезінде ауруханаішілік инфекцияны жұқтырып алуы мүмкін.***

**АІИ-ның берілу жолдары мен факторлары:**

-Ауа-тамшылы (аэрозольды)

-Сулы-алиментарлы

-Тұрмыстық-қатынастық

-Жарақаттан кейінгі инфекция

**АІИ қазіргі кезде өсіп-дамуына мына факторлар әсер етеді:**

Ірі ауруханалық комплекстердің құрылуы. Аурулардың бір-бірімен күнделікті және тығыз араласуы. Инфекцияны тудырушылардың күшті және жасанды жұғу механизмінің қалыптасуы. Бұл инвазивті емдеу мен диагностикалық процедураға байланысты. Емдеу мен диагностикада стерилизацияның ерекше әдістерін қажет ететін күрделі техниканы қолдану да өз әсерін тигізуде. Инфекциялық ауру тұғызушылардың жұғу механизмінің белсенділігі. Әсіресе, емдеу орындарындағы аурулар мен дәрігерлердің тығыз



араласуы кезінде тұрмысты- байланыс және ауа арқылы таралуы мүмкін. Стационарға әлі анықталмаған инфекциялық ауруларымен түскен адам инфекцияның негізгі көзі болып табылады. Антимикробтық препараттарды бақылаусыз қолдану, әр түрлі дәрілік заттарға, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына бейімделген микроорганизмдердің қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін. Халықтың қоршаған орта өзгерістеріне, өмір сүру шарттарына төзімділігі мен тұрақтылығының (иммунитеттің) төмендеуі де әсер етеді.

АІИ ауруларының деңгейін төмендету профилактикасы келесі жолдармен іске асады:

-диспансерлік бақылау кезінде АІИ анықтау және тіркеу

-әртүрлі типті стационарларда қауіпті топтарды және қауіпті факторларды анықтау

-АІИ ауруларының эпидемиологиялық анализін жүргізу

-медициналық жұмысшылардың спецификалық профилактикасын жүргізу.

Медицина қызметкерлерін вакцинациялаудың инфекцияны алдын-алуда орны ерекше: мысалы гепатит В, қызылша, эпидемиялық паротит, қызамық, полимиелит, іш сүзегі, КВИ сияқты сырқаттарға қарсы вакцинаны медицина қызметкерлері толықтай жоспарлы түрде алу керек.

**С. ШАРИПОВ,**
**Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА




**Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.**

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төменде көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режиміне тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚсыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірдік. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электронды сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметі толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

**Мерейхан СЕРІКЖАН,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Қаратал және Ақсу аудандары бойынша ҚСжАЕА саласындағы заңдылықты бақылау жөніндегі аға прокуроры**

# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!



**Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 171 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 4 728 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 4,2 % құрайды.**

171 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-144, Текели қаласы-7, Алакөл – 2, Ескелді – 4, Көксу – 3, Қаратал – 5, Панфилов - 6. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоңырауларды пайдаланады, өйткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

**ІІМ негізгі ұсынымдары:**

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату немесе ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңнің дербес деректерің, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**Талғат ӘСКЕБЕКҰЛЫ,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры**

# О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ

**Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.**

Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.

Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.

Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством "личного кабинета" и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

**А.К. БАЛАБЕКОВ,**
**Прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Управление Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу**

# МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ЖӘНЕ ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨЛЕМІ АЯСЫНДА ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕККЕ КІМДЕР ИЕ БОЛА АЛАДЫ?



**Дәрілік көмек пациентке медициналық көмек алған сәттен бастап, көрсетілуі тиіс. Медициналық көмек алатын пациенттер жедел-жәрдем бригадасы шыққан кезде, амбулатриялық және стационар жағдайында қамтамыз етіледі.**

Ал, Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен диспансерлік есепте тұрғандар, жекелеген аурулары бар пациенттер қамтамыз етіледі. Мысалы темір тапшылығы бар фертильді жастағы әйелдер темір препараттарын ала алады. Атероклероз ауруы бар және диспансерлік есепте тұрған пациенттер өз аурулары бойынша қанды сұйылтатын дәрілер (антикоагулянттар) мен басқа да парепараттарды ала алады.

Сондай-ақ психикалық және мінез-құлық бұзылулары бар пациенттер диспанерлік есепте тұрған пациенттер. Емделушіге рецепт бойынша дәріханада жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде беріледі.

Тегін алуға болатын дәрі-дәрмектер ҚР ДСМ №75 бұйрығымен бекітілген. Аталған бұйрықпен диспансерлік есепте тұрған пациенттер және белгіленген аурулары барлар ала алады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы**

# ҚОҚЫСТЫ ӨРТЕУ ҚАУІПТІ

**Көктем келісімен тұрғындар бау-бақшасын және ауласын былтырғы жылдың күзінен қалған шөптер мен жапырақтарды тазалау кезеңі басталады. Алайда осы жинаған қоқыстарды ауласына жинап, оны арнайы қоқыс төгетін орындарға шығарудың орнына өртеуге тырысады. Бірақ осы өртеген қоқысын қараусыз қалдырып желдің шығысымен, өртенген қоқыстан шыққан ұшқындар көрші үйлердің ауласына жиналған жем-шөптердің немесе қоралардың үстіне түсіп, өрттің шығу оқиғалары да орын алып жатыр. Сондықтанда аулаңыздан шыққан қоқыстарды қапшықтарға немесе арнайы темір контейнерлерге жинап қоқыс төгетін алаңдарға шығаруларыңыз қажет.**

Өрт-тілсіз жау деп бекер айтпаған. Өрт материалдық шығынға ғана ұшыратпастан, бұданда үлкен көңіл қынжылтарлық жайларға душар етеді. Сондықтан да әрбір азамат өрт қауіпсіздігін сақтауға ұқыпты қарағаны жөн.

Құрметті аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар.

**Е. ТУЛЕНДИНОВ, Ескелді ауданының ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты**

# ВЗРЫВЫ И ПОЖАРЫ ПРИ ЭКПЛУАТАЦИИ ГАЗА В БЫТУ

**Большую опасность создают автогазовозы, используемые не по прямому назначению. Многие автогазовозы в данное время находятся у частных предпринимателей, которыми к сожалению, не соблюдают правила пожарной безопасности при заправке газовых баллонов. Также не соблюдаются элементарные технологические и регламентные работы. Количество, качество давление заправляемого газа не контролируется, что в конечном результате, может привести к взрыву с непредсказуемыми последствиями гибели или травмами людей.**

Чтобы этого не произошло необходимо соблюдать элементарные правила при эксплуатации газового оборудования ;

Так абонентами строго запрещается ;

- производить самовольную газификацию дома (квартир, садового домика ) перестановку, замен и ремонт газового оборудования
- вносить изменения в конструкцию газовых приборов для сна и отдыха;
- установка баллонов в газифицированном помещении на расстоянии не менее 1 м от радиатора отопление или печи. При устройстве экрана предохраняющего баллоны против нагревании. Размещать баллоны против топочных дверок печей на расстоянии не менее 2 м.

**Е. ТУЛЕНДИНОВ, Инженер ОЧС Ескельдинского района лейтенант гражданской защиты**

# ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТ

**Қазіргі кезде өрттің қайғылы жағдайларға әкеп соғатынын әрбір азамат білуі керек. Ол үшін өрт болған жағдайларда бірінші кезекте 01 телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек. Өрттің қай жерде жанып жатқанын, мекен жайын толық хабарлау керек.**

Осыдан кейін адамдарға құтқару бірінші кезектегі жұмыс және жедел қолдағы бар мүмкіндікпен өртті өшіруге кірісу керек. Ол үшін қолдағы бар құралдарды пайдалану керек. Мысалы шелекпен су тасу, құм себу тағы басқадай шаралар жасалынады.

Егер өрт үй жануарлары қамалған қорада болса, ең алдымен қорадағы малды шығаруға әрекет жасау керек. Содан кейін өртті сөндіруге кірісу керек. Көбінесе азаматтар өрт сөндіру бөліміне кештетіп хабар береді, немесе өрт жайлы хабарлаған кезде мекен жайларын толық айтпай телефон трупкасын тастай салады.

Осының барлығы өрт сөндіру бөлімінің жұмыстарын күрделендіре түседі. Егер хабар дер кезінде түспесе өрттің арты үлкен апатқа, адам шығынына да әкеп соғады. Өртті болдырмаудың басты себебі әрбір азаматтың өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң есте ұстау болып отыр.



**А. НАЙЗАБЕКОВ, Ескелді ауданы ТЖБ бастығы азаматтық қорғау майоры**

# ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

***Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды***

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS парольінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн кызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭҮ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**Али БАЛАБЕКОВ, ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры**

# ЖЕМІС АҒАШТАРЫНЫҢ БАКТЕРИЯЛДЫ КҮЙІГІ

**Өте маңызды**

***Жеміс ағаштарының бактериялды күйігі-Erwinia amyla ovora ( Curiee)- Бактериялдық күйік. Бактериялды күйік ауруы бақтарға үлкен қиыншылықтар туғызады. Жеміс ағаштарының бактериялды күйігі өте қауіпті жұқпалы ауру.***

Оның қауіпті саналатын себебі, тез таралады және аурумен күресу өте қиын. Бактериялды күйік алма , алмұрт, долана, алхоры және тағы басқа 180-нен астам түрін зақымдайды. Зақымдалған ағаш күйік шалғандай түске енеді.

Сондықтанда бактериялды күйік ауруы деп аталады. Ауру құрал сайманмен, ыдыс арқылы және өсімдіктің вегетациялық кезеңінде жәндіктер мен суармалы сулармен таралады. Көктем ылғалды болса , бактерияның белсенділігі артады.

Ауруға шалдыққан ағаш 1-3 жылда түгел жойылады. Алма бақтары бар шаруа қожалықтармен жеке аулаларда өсіп тұрған алма ағаштарға профилактикалық жұмыстарды міндетті түрде жүргізіп тұрған жөн. Көктем кезінде жаңадан отырғызылытын алма және алмұрт көшеттерін мамандандырылған заңды түрде тіркелген көшет өсіретін шаруашылықтан алған дұрыс. Өйткені бактериялды күйік ауруы алма ағаштарының көшеттерінен тараған деген болжам бар.

**Д. ИСКАКОВ, Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының Өсімдіктер карантин инспекторы**

# 1 МАЯ – ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА

***Первого мая в нашей стране отмечают один из самых добрых и светлых праздников – День единства народа Казахстана. Это праздник дружбы, понимания и согласия, которые так необходимы для мирной жизни в республике, где проживают представители 150 национальностей. В большую семью Казахстана входят казахи, русские, украинцы, немцы, корейцы, уйгуры, армяне и многие другие. Причём все уникальны по-своему. Современный Казахстан стал родным домом для представителей разных наций и народностей. Все этносы мирно живут на одной земле, а страна стала примером мудрого решения национального вопроса.***



До распада Советского Союза в Казахстане, как и во всех союзных республиках, 1 мая отмечался День международной солидарности трудящихся. Этот праздник имел политическую окраску, поэтому после обретения Казахстаном независимости решено было оставить форму его празднования (шествия, массовые гуляния и т. п.), но изменить содержание.

18 октября 1995 года президентом Республики Казахстан Нурсултаном Назарбаевым был подписан указ, согласно которому 1 мая объявлялась - Днем единства народа Казахстана.

Казахстан является многонациональным государством. Больше половины населения составляют казахи, но на территории страны также проживают русские, узбеки, украинцы, уйгуры, татары, немцы и представители других этносов. Всего в Республике Казахстан проживают представители более ста пятидесяти народностей и национальностей.

По словам политических деятелей Казахстана, одним из главных приоритетов государственной политики является сохранение межрелигиозного и межнационального согласия. И Праздник единства народа Казахстана — важный инструмент для воплощения этой цели в жизнь, он служит для консолидации народа Казахстана в единое целое.

Отмечается Праздник единства народа Казахстана всегда очень весело и пышно, праздничные мероприятия проводятся в этот день в каждом городе страны.

На проведенной XXXI сессии Ассамблеи народа Казахстана Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что единство, согласие и мир – это незыблемые ценности.

***«Мы никогда не отступим от нашего главного принципа «Единство – в многообразии». Мы должны воспитывать молодое поколение настоящими патриотами. При этом нельзя допустить, чтобы политический и общественный плюрализм принял радикальные формы. Тем более, неприемлемы какая-либо дискриминация граждан, унижение их чести и достоинства»,*** – заявил Глава государства.

Традиционно в первый день мая в республике принято отдыхать и праздновать единство и взаимное уважение всех живущих в стране этносов. Отмечается праздник концертами, соревнованиями, ярмарками и танцами населяющих республику народов. Особые номера готовят представители культурных центров, чтобы познакомить всех желающих со своими национальными традициями.

На День единства народа Казахстана (1 мая) в 2023 году граждане РК будут отдыхать три дня подряд с 29 апреля по 1 мая, так как этот праздник выпадает на понедельник.

Сохранение межэтнической толерантности и общественного согласия стали одним из главных успехов. Укрепление национального единства продолжает оставаться залогом успешного будущего нашей страны и нашего народа.

В этот праздничный день желаем вам и вашим семьям крепкого здоровья, успехов и весеннего настроения! Пусть в каждом доме царят уют и достаток, и процветания нашей Родине.

**Подготовила Л.ЖИРНИКОВА.**

## *Құрметті Майрамкуль Қалмұхамбетқызы!*



Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған – туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз!

Құтты болсын 60 жас тойыңыз,
Орындалсын мұрат – арман ойыңыз.
Әулетіңнің құрметіне бөленіп,
Әрқашанда биік төрде болыңыз!

Құрметпен, әріптестеріңіз Экономика және қаржы бөлімі.

# *РЕФОРМЫ В КАЗАХСТАНЕ: ОТ НАМЕРЕНИЙ К ДЕЙСТВИЯМ*



***После стабилизации ситуации в стране после «январских событий» Президент Касым-Жомарт Токаев выступил в парламенте страны и предложил базовую программу реформ, которая направлена на решение политических и социально-экономических проблем во благо народа Казахстана.***

Главный смысл экономических реформ исходит из необходимости национальной экономики в повышении благосостояния населения и справедливом распределении национального дохода. На этой основе Президент Токаев обозначил следующие ключевые принципы нового экономического курса страны: справедливое распределение благ и обязанностей; ведущая роль частного предпринимательства; честная конкуренция; открытие рынков для нового поколения предпринимателей; рост производительности; повышение сложности и технологичности экономики; развитие человеческого капитала; инвестиции в образование нового типа; «озеленение» экономики; охрана окружающей среды; ответственность перед обществом.

Был запущен процесс совершенствования налогообложения, землепользования и привлечения иностранной рабочей силы путем введения моратория на создание новых государственных компаний и субъектов квазигосударственного сектора, освобождения субъектов микро-и малого предпринимательства от уплаты налогов и введения запрета на их проверки уполномоченными государственными органами в течение 3 лет, отсрочки введения обязательной выплаты работодателями 5-процентного взноса в Единый национальный пенсионный фонд до 2023 года.

Был принят Указ «О мерах по снижению долговой нагрузки граждан Республики Казахстан», согласно которому правительству и Национальному банку было поручено погасить в банках второго уровня и микрофинансовых организациях задолженности по кредитам малообеспеченных граждан.

Предоставлены возможности для заинтересованных граждан республики использовать свои пенсионные накопления на улучшение жилищных условий и оплату лечения. Внедрены механизмы субсидирования арендной платы и активизация работы по обеспечению коммуникациями земельных участков под индивидуальное жилищное строительство. Созданы 12 центров социальной реабилитации для лиц с инвалидностью.

Были проведены ключевые реформы в сферах здравоохранения и образования. В сфере здравоохранения были заложены основы для того, чтобы медицина была одинаково доступна и развита в городах и сельских местностях.

В сфере образования произошло повышение заработной платы педагогам и преподавателям вузов, а также повышение размера стипендии для будущих педагогов.

Выработаны меры поддержки общеобразовательных школ для преодоления разрыва между городом и селом в сфере образования.

Выделены 500 грантов ученым для прохождения стажировки в ведущих научных центрах мира.

Все эти реформы наглядным образом демонстрируют, что высшее руководство Казахстана во главе с Президентом Токаевым поставили перед собой цель решить полностью политические и социально-экономические проблемы в стране. За последние годы Казахстан динамично развивается, а текущая программа реформ направлена на дальнейшее полномасштабное развитие РК.

Очевидно, что Президент Токаев своими реформами дал четко понять всем уровням государственной власти, что вся работа государства должна быть направлена во благо простых граждан и народа Казахстана. Задан курс на установление социального согласия, стабильности и атмосферы социальной справедливости.

**Д.КАРИПОВА,**
**Руководитель ОО**
**«Центр поддержки женщин Ескельдинского района»**

# ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



***Аңқоймас Шәкіржан аңғарына біздің аталарымызды бөліп орналастырған.Өлке тарихының бастауы Ескелді, Балпық би мен Қаблиса жыраумен тығыз байланысты. Жан жаққа бытырап, тоз-тоз болып кеткен елдің басын біріктірді. Сол кезде қазақ көсемдерінің бірі Ескелді мен Балпық би өз елін жұрттың сонау Сыр бойынан жинап, ата қонысына Жетісуға қоныстандырды. Аңқоймас, Шәкіржан аңғарын біздің Аппақ анамызға бөліп берген Ескелді бабамыз әркімның туған жері Мысыр шаһар. Сол айтқандай менің мысыр шаһарым Жетісу. Ол менің отаным . Мырза ұлы жүз жалайырдан Шұманақтан тарайтын ру, шежіре бойынша Бәйбіше Аман деген атаға бөлінеді.***

1865 жылы санақта 1310 түтін болған, Октябрь ревалюциясына дейін қазіргі Талдықорған облысының Қарақой, Буракой, Дауылбай, Қайрақты таулы үстірттінде Сарыкөл Қызымен Тамшыбұлақ өзендері Шарбақты сайының сол жағындағы Достар Жосалы шөлді жерді мекендеген.

### НУГЫМАН, БАЙМҰРАТ, БЕКБҰРАТҚА АРНАУЫМ

Биссмилааһ деп бастайын сөздің басын
Жазылсын ой туғасын
Қауырсын қаламымды қолға алдым
Жеткізіп ойды қалам жорғаласын
Әуелде түпкі ойым терең еді
Тарих десе құлағым елеңдейді
Ата баба еңгегі ұмтылса
Қалай көңіл шаттыққа бөленеді
Сол түнекті жазайын ішімдегі
Маған керек ұрпақтың түсінгені
Сонда ғана болады басылғандай
Аталар мен әжелеркүрсінгені
Сол жылдардағы күзі еді
Сол кезлдегі газеттерді оқысаңдар
Заманның қиындығы сезіледі
Сол кезде бабам менің бастық бопты
Сталиннің әрбір сөзін түсіндіріп
Сауапттарын ашыпты жайын тапты
Қанша саястану болсадағы
Ділге сенімсіздік болсадағы
Болашақта алаштың арын ойлап
Үкіметіне сеніпті сынбай сағы
Кеңесте ортақ ойды ойласады
Ақылдаса ертеңге бойласада
Қазағым қандай күйге түседі деп
Армандапты октябрь тойласада
Бір күні жинап бабам бауырларын
Түсіндіріп дәуірдің дақылдарын
60 аппақты көшіріпті
Аттап өтіп көршілес ақылдарын
Атам сол кезді сезген екен
Жерді жаулап жатқан өзге бөтен
Қонысын аударыпты жайлы төрге
Уақыт ағысынан алып секем
Сол қоныс екі өзен ортасында
Жайлауы бар тауының қалқасында
Қараулы бар тағы ортасында жартасында
Баймұрат бабам тауып Өрқұсақты
Силапты ұрпағына жер мен бақты
Іздесе біреу өзіне билік тақты
Атамыз бізді ойлапты болашақты
Ұрпағыма тілеймін татулықты
Бабадан келе жатқан батырлықты
Әжеден келе жатқан ақындықты
Алла жолын ұстаған Оразанмен
Жоғалтпандар ағайын жақындықты

**Оразхан НУГМАНОВ,**
**Өрқұсақтың тумасы**

HABARLANDYRU

***Утерян кассовый аппарат марки: ОКА 102 Ф, заводской номер: 00200601, года выпуска: 2017, принадлежащий ПК «Дезинфекция-Карабулак» считать недействительным.***

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200
Тираж 1200
Тапсырыс 367
Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.